

«Асыл – тастан, ақыл – жастан»

Қарағанды өңірінде «Талдау мектебі» жобасы алғаш рет іске қосылды. Бұл бастама бұған дейін тек Астанада Сенат жанында жүзеге асырылып келген болатын. Енді жоба аймақтық деңгейде де өз жұмысын бастап, жергілікті мамандар мен жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсынбақ.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның басты мақсаты – Қарағанды өңірінің тұрақты дамуы үшін сараптама-лық ойлау мен деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Жобаны ашу бастамасын облыс әкімдігі көтерді. Аймақтың жоғары зияткерлік әлеуетін және өңірдегі жоғары оқу орындарының мүмкіндіктерін ескере отырып, әкімдік жергілікті сарапшыларды даярлауға арналған арнайы алаң құруды ұсынды. Бұл бастамаға Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев қолдау білдірді.

– Өңірді тиімді басқару сарапшылар мен қоғам өкілдерінің белсенді қатысуын-сыз мүмкін емес. Өзара ықпалдастық пен

бірлескен жұмыс сын-қатерлерге жедел жауап беретін, аймақ пен елдің дамуына серпін беретін басқару моделін қалыпта-стырады. Жобаға қатысушылар жаңа білім мен тәжірибе алып, экономиканың негізгі бағыттары бойынша маңызды сараптама-лық материалдар әзірлейді деп сенемін. Өңір мен еліміздің өркендеуіне бағыт-талған тың идеялар мен нақты шешімдер күтеміз, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мектептің ашылу салтанатын-да.

Оқыту 2025 жылғы 8 қарашадан 6 желтоқсанға дейін офлайн форматта өтеді. Бағдарлама бес модульден тұрады. Дәріскерлердің 90 пайызы – Астана мен Алматыдан шақырылған тәжірибелі ма-мандар. Олардың қатарында Парламент

Сенатының аппарат басшысы Максим Споткай, депутат Айдос Сарым, Eurasian Center for People Management компани-ясының бас директоры Леся Каратаева және өз саласының өзге де беделді са-рапшылары бар.

Сенат төрағасының кеңесшісі әрі жоба кураторы Жұлдызай Ысқакова мұндай бағдарламалардың маңыздылығы тәжіри-бе алмасуға және кәсіби дамуға арналған орта қалыптастыруында екенін атап өтті. – «Талдау мектебінің» ерекшелігі – ол білім мен тәжірибені ұштастырып, са-рапшылардың өзара байланысын нығай-тады. Мұнда қатысушылар өз әлеуетін арттырып, сараптамалық ойлау қабілетін жетілдіре алады. Қарағанды облысының қатысушылары лайықты нәтиже көр-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

сетіп, бес жылдан бері Сенат бастама-сымен жұмыс істеп келе жатқан Taldau Community қауымдастығының белсенді мүшесіне айналады деп сенеміз, – деді Сенат өкілі.

Жоба қатысушыларының пікірінше, бұл бастама кәсіби тұрғыда ғана емес, жеке даму үшін де үлкен мүмкіндік бе-реді. Электровоз машинисінің көмек-шісі, «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ жастар кеңесінің өңірлік жетекшісі Камбар Хасанов бағдарламаға қатысуды өзін-өзі дамы-ту жолындағы маңызды қадам ретінде бағалайды.

– Біздің өміріміздің барлық саласы деректер мен сараптауға негізделген: күнделікті жоспарлау, жұмыс, отбасы, қаржы – барлығы талдау мен есепке сүйенеді. Өзім бұл бағытта терең білімге ие емеспін, сондықтан, өмір-де де, кәсіби салада да қажет болатын жаңа дағдыларды менергім келеді. Бұл білім маған «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қатысушысы ретін-де де пайдалы болады деген ойдамын, – деді ол.

Оқу қорытындысы бойынша қатысушылар Қарағанды облысының мемлекеттік органдарына арналған са-раптамалық материалдар әзірлейді. Ең үздік түлектер өңірдің сараптамалық кеңесіне мүше болады. Ал ең мықты жобаларды ұсынған екі команда 2026 жылғы қаңтарда басталатын Астана-дағы «Талдау мектебіне» шақырылады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• БӘРЕКЕЛДІ!

Дараға – «Дарын»

Жерлесіміз, бокстан екі дүркін әлем чемпионы Аида Әбікее-ва биылғы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды.



Байқау аясында түрлі салада көзге түскен 294 жас үміткердің ең үздіктері анықталды. «Спорт» аталымында әйелдер арасында жеңімпаз деп танылған Аида Әбікеева мен 17 жастағы футболшы Дастан Сәтпаев ел спортының дамуына зор үлес қосқан жас та-ланттар ретінде марапатталды.

«Дарын» сыйлығы – ел жастарының еңбегі мен жетістігін мемлекеттік деңгейде мойындайтын беделді марапат. 1992 жылдан бері табысталаып келе жатқан бұл сыйлық ғылым, өнер, спорт және қоғамдық қызмет-тегі үздік жастарға беріледі. Қарағандылық Аида Әбікеева – Қарағанды спортының ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышы.

Бұл марапат оның тек спорттағы жетісті-гінің емес, жігері мен еңбекқорлығының да лайықты бағалануы деп білеміз.

Өз тілшімізден

Сурет А.Әбікееваның
жеке мұрағатынан

Жасанды интеллект және біз

Жаһандану дәуіріндегі адамзат баласының жеткен жетістік-терінің бірі һәм бірегейі – жасанды интеллект екені даусыз. Қазір әлемнің даму бағытын жасанды зердесіз елестету мүмкін емес. Ал, жастардың осы жаңа дәуірге бейімделуі – мемлекет үшін стратегиялық міндет.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

XXI ғасырда мемлекеттердің дамуы табиғи ресурстарға емес, интеллектуалды әлеуетке сүйе-неді. Қазіргі заманның басты капи-талы – білім мен технология. Мем-лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің биылғы Жолдауын-да бұл бағытқа ерекше тоқталып: «Жасанды интеллект экономика-лық өрлеудің, адами капитал сапа-сын арттырудың және ұлттық ин-новациялық экожүйені дамытудың негізгі драйвері болуы тиіс. Бізге осы салаға маманданған зерттеу университетін ашу қажет», – де-ген еді. Президенттің бастамасы еліміздің барлық аймағында білім мен жастар саясатына тың серпін берді.

Қазірде Мемлекет басшысы-ның бастамасы негізінде жаңа оқу стандарттары әзірленіп, зерт-теу университетін ашу бойынша дайындық жүргізілуде. Мұндай жоғары оқу орны елімізде алғаш рет жасанды интеллект пен дерек-тер ғылымына терең мамандан-бақ. Өйткенмен, бұл – тек Елорда төріндегі ғана жоба емес.

Қарағанды – өнеркәсіп пен өндіріс ошағы ғана емес, бүгінде жастардың инновациялық орта-лығына айналып келеді. Облыста жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамыту бағы-тында нақты жобалар жүзеге асуда. Соның айшықты айғағы – жакында өткен «SARYARQALAB:



ИЖ АҚ

AQYL.DAMU.QADAM» жастар форумы.

Облыс жастары соңғы жыл-дары ғылыми-техникалық ба-стамаларға белсенді араласып келеді. Мәселен, өңірде «Digital Qazaqstan Education», «AI-Sana» және «Smart Region Karaganda» секілді жобалар іске асуда. Бұл платформалар арқылы жастар жасанды интеллект негіздерімен, бағдарламалау және деректерді өңдеу құралдарымен танысуда.

Өңірде цифрлық кадр даярлау ісі тек жоғары оқу орындарымен шектелмейді. Қазірдің өзінде аймақтағы мектептердің 80 пай-ызында информатика пәндері жаңартылған бағдарлама бойын-ша оқытылып, роботтехника ка-бинеттері ашылған.

► 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
		6 ай	12 ай
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	13 770,14	10 141,30
		27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 141,30	5 891,30
		12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyuy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 613.75

•USD/KZT 530.47

•RUB/KZT 6.56

•CNY/KZT 74.57

Қазақстан Ұлттық Банкінің 10 қараша, 2025 жылғы дерекі бойынша

Даңғыл жол дамуға бастайды

Кез келген шақырым – өркениет өзегі. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппараттық жиында осы жылда жүзеге асқан жол құрылысының жай күйі таразыланды.

Өрқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өндірісті өңір жол құрылысы саласында айтарлықтай белеске көтерілді. Қажырлы еңбектің нәтижесінде облысымыздың негізгі бағыттарындағы қозғалыс мәдениеті де, сапасы да жаңа деңгейге жетті. Біз үшін ең маңыздысы – сапа мен қауіпсіздік. Осы ретте жаңа технологиялар мен автоматтандырылған жүйелердің енгізілуі жол төсемдерінің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етеді. Ауыл жолдары да назардан тыс қалған жоқ. Қысқы кезеңнің қиындығы да баршамызға белгілі. Біздің ортақ міндетіміз – жол төсемін төсеу ғана емес, оны ұқыпты ұстау, қауіпсіздігін сақтау, ең бастысы, халықтың сенімін ақтау. Өйткені, жол – өркениет өзегі, даму кепілі. Біз бастаған іс жалғасын табады. Алдағы жылдары да облысымыздың әрбір бағыты заманауи талапқа сай болуына күш саламыз, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Келелі жиында облыстық жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашев баяндама жасап, биыл жүргізілген жұмыстардың қорытындыларын жан-жақты баяндады. Спикер жыл ішінде жол құрылыс жұмыстарының көлемі мен сапасы туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынды. Биыл өңірде 637 шақырымдық автожолға жөндеу жүргізілген. Ересен еңбек – мыңдаған адамның қолтаңбасы, жүздеген ауылдың үміті. Облыстық маңызы бар «Нұра-Осакаров», «Жартаг-Долинка», «Үштөбе-Құрылыс» бағыттарындағы ірі реконструкциялық істер де өз мәресіне жетті. Жаңа жолдар қауіпсіздік пен сапаның жаңа деңгейіне көтерілді. Ал, «Қаран-Шахтинск» трассасында қазір 19 шақырымдық күрделі жөндеу амалдары жалғасын табауда. Тағы бір көптен күткен жаңалық – Теміртау мен Ғ.Мұстафин кенті арасындағы Нұра өзеніндегі жаңа көпірдің қолданысқа берілгендігі. Енді Теміртауға қатынайтын жол үш есеге қысқарды. Осындай игіліктердің тізміне «Осакаров-Есіл» бағытындағы көпірдің құрылысы да бар. Бүгінде тіректері тұрғызылып, кезекті жұмыстар легі жалғасуда.



– Биылғы жол жөндеу маусымы – жүйелі жұмыстың, нақты нәтижелердің жылы болғандай. Аймақ аумағында бірқатар күрделі әрі орта жөндеу жобалары сәтті жүзеге асты. Әсіресе, өңірдің тіршілігіне тікелей әсер ететін бағыттар – Теміртау, Шахтинск, Қарқаралы, Балқаш, Осакаров бағыттарындағы жұмыстар өз жемісін берді. Қазіргі таңда басты назар сапа мен қауіпсіздікке аударылып отыр. Әрбір жаңа жол учаскесі – тұрғындардың өмір қауіпсіздігін арттыруға, өңірдің экономикалық байланысын кеңейтуге бағытталған нақты қадам. Алдағы уақытта да басты мақсатымыз – жолдардың жай-күйін үздіксіз бақылауда ұстап, халықаралық стандарттарға сай жаңа инфрақұрылым қалыптастыру, – деп атап өтті Мақсат Әділұлы.

Бұдан бөлек, 60 шақырым жолда орта жөндеу амалдары іске асқан. «Керней-Семізбұғы», «Қарағанды-Доскей», «Осакаров-Молдежний» және «Нұра-Шахтер» бағыттарында қос қабатты асфальт төселіп, жол төсемінің төзімділік деңгейі артқан. Ендігі екі жылдық жобалар қатарында «Сәкен Сейфуллин-Ақсу-Аюлы» және «Қарағанды-Жезқазған-Шахтинск» бағыттары бар. Осы жолдардың биыл бір бөлігі аяқталып, 2026 жылы толық тәмамдалмақ. Жол бойындағы қауіпсіздік шаралары да назардан тыс емес. Мәселен, «Саран-Шахтинск» трассасында ауыр жүк көліктерінің салмақтық нормасын бақылайтын автоматтандырылған жүйе орнатылды. Күн сайын осы арадан 150-ге жуық жүк көлігі өтсе, соның 20-сы шамадан тыс жүктемесмен жүргені анықталған. Қыс қамы да маңызды

меже. «Сарыарқа» әуежайына баратын жол бойына 4,7 метрлік жаңа үлгідегі қар тосқыштар орнатылды. Бұл – облыста алғаш рет қолданылып отырған композиттік қоршаулар. Қыста олардың тиімділігі тексеріліп, оң нәтиже берсе, басқа да аймақтарға орнатылмақ ниетте жоқ емес. Сондай-ақ, көктемгі тасқынға дайындық аясында 12 учаскеде су өткізу құбырлары жаңартылып, жол астындағы су өткізгіштердің өткізу қабілеті күшейтілді. Өткен жылғы су тасқынындағы тәжірибеден туған шешімнің оңтайлылығын ендігі көктем ескемек.

Ал, ауылдық аймақтарда «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында осы жылы 21 елдімекенде, 84 шақырымдық жол оңдалды. Жол сапасын тексеру мен қабылдау міндетін жол активтерінің ұлттық сапа орталығы жүзеге асырады. Барлық жергілікті атқарушы органдар орталықпен келісімге келіп, әр жобаның сапасы тәуелсіз сараптамадан өтуде. Иә, қазыналы Қарағанды жолдарындағы қарбалас еңбектің қыр соңында мыңдаған адамның маңдай тері, инженерлердің есебі, жүргізушілердің үзім үміті бұқпан-тайлап жатыр. Әрбір төселген төсем сүйемі – аймақтың дамуына салынған іргетас іспетті. Себебі, жол – өркениет өзегі, ал жақсы жол – елдің ертеңіне бастар даңғайыр даңғыл.

Бүгінде облыс аумағында 1 888 шақырым республикалық маңызы бар автожол бар. Соның бірі – «Қарағанды-Балқаш» бағыты. Ұзындығы 363 шақырымдық жолдың реконструкциясы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Енді бұл бағыт байырқалы Балқашқа асыққан жұрт үшін де, жүк көліктері үшін

де ең сенімді магистральдің біріне айналды. Жол бойындағы қосын-дарда абаттандыру, көгалдандыру, инженерлік жүйелерді қосу жұмыстары аяқталып келеді. Заманауи LED-экрандары бар 20 арқа мен ауыр жүк көліктерін бақылайтын автоматтандырылған жүйелер орнатылуда. Арқалар көлік қозғалысын тіркеп, мәліметтерді орталыққа онлайн жеткізеді. 18 демалыс алаңы жүргізушілерге жайлылық сыйлауда: көлік тұрағы, санитарлық нысандар, ана мен бала бөлмесі бар төрт санитарлық-гигиеналық торап жұмыс істеп тұр.

Биыл 245 шақырым автожол орташа жөндеуден өтті. Оның ішінде, ерекше назарда – «Қарағанды-Қарқаралы» бағыты. Туристік әлеуеті зор Қарқаралыға баратын жолдың 85 шақырымы биыл жаңартылды. Соңғы төрт жылда нысанды бағыттың 115 шақырымы жөндеген. Алдағы жылы тағы 189,5 шақырымдық жол учаскелерінде орташа жөндеу жоспарланған. Сонымен бірге, «Ақшатау-Ақадыр-Ортау» бағытының 95 шақырымына күрделі жөндеу жүргізу көзделіп отыр. Қазір жобалау жұмыстары басталып, келелі келісімшарт «ТС-Индустрия» компаниясымен жасалған. Өңірдің транзиттік әлеуетін арттыратын маңызды жоба ел игілігіне қызмет ететін күн де алыс емес.

Жолаушы атаулысын алда тағы бір сынақ күтіп тұр. Дөлірегі қателікті кешірмейтін қыс мезгілі. Биыл да облыстың республикалық жолдарын «ҚАЗСЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бақылауға алған. 158 арнайы техника сақадай сай. Қажет болған жағдайда қосымша 17 техника жалға алынбақ. Қалың қар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

мен көктайғаққа қарсы материалдар да молынан жеткілікті. Мәселен, 19 754 текше метр ұнтақ, 2 688 тонна төсем тұзы және 1 914 тонна көмір қоймада дайын тұр. Барлық жол пайдалану бөлімдерінің ғимараттары мен базаларының даярлығы бекем. Қазан айынан бастап, тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Жолдың жай-күйі туралы деректер онлайн күйінде құзыретті мекеме өкілдеріне жолданады да, әлеуметтік желілерде жол қауіпсіздігіне арналған жедел хабарламалар сәт сайын жарияланып тұрады. Қар көшкіні мен дауыл-боран жиі соғатын 487 шақырым жол бөлігі назарға алынған. Аталған учаскелерде 143 шақырым қар тосқыш қоршаулар орнатылған, қосымша ағаш қалқандарды қою жұмысы жүріп жатыр.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы облыстық филиалының директоры Думан Қалабиєвтің айтуынша, соңғы жылдары өңір жолдарының сапасы мен қауіпсіздігі айтарлықтай жақсарған.

– Бұның бәрі – жүйелі жоспарлау мен нақты атқарылған еңбектің сөзсіз нәтижесі. «Қарағанды-Балқаш» секілді ірі жобалардың аяқталуы өңір экономикасына жаңа серпін берсе, ауылдық жолдардың жөндеуі тұрғындардың күнделікті өмір сапасын арттырды. Бастысы – әрбір жолдың қауіпсіз әрі ұзақ мерзімді болуы. Алдағы кезеңде де заманауи технологияларды енгізу мен жол күтімін сандық бағытқа ойыстыру амалдарын іске асыруды жалғастырамыз. Қысқы маусымға дайындық жоғары деңгейде, барлық қажетті материал мен техника сақадай сай. Ең бастысы, халықтың жол үстіндегі қауіпсіздігі, – деп атап өтті Думан Болатұлы.

Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жол бойындағы жаппай жағармай бекеттерінің тапшылығына қатысты тағы бір мәрте жиын ұйымдастырып, мәнді мәселе түбегейлі шешімін таппайынша қаперден шығармауды еске салды. Кейінгі күндерде жол бойындағы алып жүк көліктерінің қозғалысын шұғыл арада шешу қажеттігін де тілге тиек етіп өтті. Облыс әкімі мердігер тарабы мен қала, аудан әкімдеріне жол мәселесіне қатысты кез келген түйткілді дер шағында оңтайлы шешу қажеттігін баса белгіледі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жерлесіміз жеңімпаз атанды

№1 Білім-инновация лицей-интернатының 9-сынып оқушысы Азиз Басқар Қ.Сәтбаев атындағы халықаралық химия олимпиадасында күміс жүлдеге қол жеткізді. Ұлытау өңірінде өткен зияткерлік доғаға Қазақстан, Қырғызстан, Ресейден жүзден астам жоғары сынып оқушылары қатысып, теориялық және тәжірибелік сынақтарда білім жарыстырды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Олимпиада тапсырмаларының күрделілігі орташа деңгейде болды, дегенмен, мазмұны өте қызықты. Жеңімпаз оқушы Азиз Басқарға тәжірибелік тур ұнады. Онда қатысушылар химиялық реакция жасау үшін жүйеге қосылатын заттарды, яғни реагенттердің сапасын анықтау тәжірибесін орындады. Ол тапсырманы жоғары деңгейде орындап шықты, – деді №1 Білім-инновация лицей-интернатының химия пәнінің мұғалімі Назерке Білімхан.

Мұғалімнің айтуынша, Азиз олимпиадаға дайындықты 7-сыныптан бастаған. Бұл кезеңде лицей оқушылары өз бағыттарын таңдап, түрлі ғылыми және зияткерлік сайыстарға мақсатты түрде дайындала бастаған. Химия пәніне қызығушылығы ерте байқалып, сол уақыттан бері табанды еңбек етіп келеді. Халықаралық жарыстағы жетістігі – сол еңбегінің жемісі.

Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері халықаралық үлгідегі дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Айта кетейік, зияткерлік сайыс Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы, Ұлытау облысының білім басқармасы мен The Ulytau Educational Foundation қорының ұйымдастыруымен өтті.

Өндіріс картасында – жаңа зауыт

Қарағанды облысы өндіріс картасында тағы бір ірі нысанмен толықты. ТРА Sary Arka – гофрленген картоннан жасалған экологиялық таза қаптама өндіретін жаңа зауыт қысқа уақыт ішінде аймақ экономикасының тірек буыны айналды. Бұрын бос тұрған ғимарат орнында бой көтерген кәсіпорын бір жыл ішінде жоғары технологиялы индустриялық кешенге айналып, ай сайын 6 миллион шаршы метр қаптама өнімін шығаратын қуатқа ие болды. Бүгінде мұнда жеті қабатты картон өндірісі жолға қойылған. Бұл – Қазақстан нарығы үшін бұрын-соңды болмаған жаңалық. Автоматтандырылған желілер, заманауи экокүйе және еңбек адамының кәсібилігі кәсіпорынның тұрақты дамуына жол ашып отыр деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

6 миллион шаршы метр қаптама еліміздегі кәсіпорындардың қаптамаға деген сұранысын толықтай өтеуге жететін көлем. Кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев танысып, еңбек ұжымымен кездесті.

– Мұндай кәсіпорындардың дамуы өңір үшін аса маңызды. Олар

жаңа жұмыс орындарын ашып, сұранысқа ие өнім шығарады және жаңа технологиялық құзыреттер қалыптастырады. Қарағанды облысының заманауи экономикасы дәл осындай өндірістердің негізінде дамиды, – деді аймақ басшысы.

Компания басшысы Дмитрий Фу мәлімдегендей, зауыттың өнімі бүгінде елімізде жоғары сұранысқа ие. Мұнда бұрын отандық нарықта



өндірілмеген жеті қабатты картон шығарылып отыр.

Өнім түрлері әртүрлі. Стандартты қораптардан бастап, тапсырыс берушінің жеке дизайнымен безендірілген фирмалық қаптамаға дейін бар. Қораптардың көлемі мен мақсаты да сан алуан, тұрмыстық заттар мен азық-түлік өнімдерінен бастап, өнеркәсіптік жабдықтарға дейін қолданылады.

Тұтынушылар қатарында кофеханалар, пиццериялар және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бар.

Ең бастысы – өндірілетін өнім экологиялық таза, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жарамды.



Қазақстан Республикасы Президентінің
ЖОЛДАУЫ 2025

Алдағы уақытта жұмыртқаға арналған лотоктар шығару желісі іске қосылмақ.

Барлық ауыр өндірістік үдерістер толықтай автоматтандырылған. Қазіргі таңда зауытта 70-тен астам адам еңбек етуде. Кәсіпорын ұжымы алдағы уақытта жұмыс орындарының санын көбейтіп, экспорттық бағытқа шығуды жоспарлап отыр. Зауытта технология – адамға, автоматтандыру – сапаға қызмет етеді.

Өңір басшысы жұмыс сапары барысында сондай-ақ, KAZPROM AVTOMATIKA компаниясында болды. Бұл – автоматтандыру, энергетика және өндірістік IT салаларындағы жетекші отандық инженерлік орталықтардың бірі.

Жобаның жалпы құны 6 миллиард теңгеден асыды, нәтижесінде 90 жаңа жұмыс орыны құрылған.

Кәсіпорын қызметінің толық циклі қамтылған. Яғни, жобалау мен автоматтандыру компоненттерін жеткізуден бастап, өндірістік IT-жүйелерді енгізу және сервистік қызмет көрсетуге дейін. Компанияның мүмкіндігі кең, басқару пультінен бастап, цифрлық кен байыту кешеніне дейінгі жобаларды жүзеге асыра алады. Тапсырыс берушілер қатарында отандық және еуропалық компаниялар бар.

Болашақта өндіріс ауқымын кеңейтіп, заманауи кенсе ғимаратын конференц-залмен бірге салу жоспарланып отыр.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БАЙҚАУ

Жүректері жыр толғап...

Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылдық округінің Мәдениет үйінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасының қолдауымен «Бұқарекең жырлайды» атты облыстық байқау өтті. Бұл – жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын байқау. Биыл он сегізінші рет ұйымдастырылған өнер додасына өңірдің аудандары мен қалаларынан жүз шақты үміткер қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың бірі – айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов «Бұқарекең жырлайды» атты байқаудың негізгі мақсаты мен міндетіне тоқталды.

– Байқаудың мақсаты – ел бірлігі мен сөз шындығын ту еткен әйгілі Бұқар жырау Қалқаманұлының жалынды жырларын, асыл мұрасын дәріптеу. Сонымен қатар, жыршылық, жыраулық дәстүрді жаңғыртып, насихаттау, жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіру. Жыл сайын қатысушылардың саны көбейіп келеді. Бұқар жыраудың елуден астам жырын жаттаған оқушылар бар. Бұның барлығы әлбетте көңілге зор қуаныш ұялатады. Ұйымдастырудағы үмітіміз ақталуда. Келешекте осы балалар халқымыздың ұлы мұраларын ұрпаққа жеткізетін алтын көпірге айналатынына сенімдімін. Ақпарат ағынында, жалпы цифрлық дәуірде ұрпаққа осындай байқаулар ұйымдастыру маңызды, – деді Айтбай Жұмағұлов.

Байқау төрт номинация бойынша өтті. «Бұқар жырауша» номинациясында ақындар жыраулық стильде жазылған авторлық туындыларын ұсынды. Жыраулар поэзиясы үлгісінде жаза отырып, қоғамның күрделі мәселелерін өз толғауына арқау етті. «Бұқар жырау оқуларында» Бұқар жыраудың шығармашылығын, яғни, жыр-толғауларын жатқа, мәнер-



леп оқыды. «Жыршы-жыраулар сайысында» әнші-жыршылар Бұқар жырау Қалқаманұлының жыр-толғауларын белгілі бір музыкалық аспапта мақамға салып орындады. «Өлемді түгел білсе де...» өзге ұлт өкілдері арасында Бұқар жыраудың жыр-толғауларын қазақша, орысша және өз тілінде жатқа, мәнерлеп оқыды. Алаш баласына есімі мәшһүр жыршы-термеші, өнер зерттеушісі

Елдос Еміл қазылар алқасының төрағасы болды. Әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сержан Мұсайын мен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бағдат Мұбарак және филология ғылымдарының кандидаты Саржан Такиров, айтыскер ақын Нұрмұхамед Байсүгіров қазылық етті.

Сайыстың қорытындысы бойынша, қатысушылар әр номинаци-

ядан жүлделі орындарға, Алғыс хаттар мен Доскей Әлімбайұлы, Абай Құнанбайұлы, Мәди Бәпиұлы, Шашубай Қошқарбайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Маясар Жапақұлы, Әбдиман Игенсартов, Қайып Айнабеков, Жәкен Байтуов атындағы арнайы жүлделерге ие болды.

«Бұқар жырауша» номинациясында қазылардың шешімімен І ші орынға ешкім лайық деп танылмады. Ал, ІІ орын Мәмәлі Тоқтамұрат пен Ернат Кемаловқа бұйырды. ІІІ орын Жайнагүл Мұратбектің және Айтуар Бекежановтың қанжығасында. Алтынбек Абзалбеков арнайы жүлде алды.

«Бұқар жырау оқулары» номинациясында Марат Алтынай топ жарды. ІІ орын Асылжан Қошеғұлова мен Аяулым Мейіржановаға берілді. ІІІ орын Сәзім Дүйсенбай мен Камиль Тілеукабыл, Аружан Берікбаеваға табысталды. Дараға Кенжеғалиға, Арман Айтбекке, Айбота Сияға арнайы жүлде берілді.

«Жыршы-жыраулар» номинациясында Әділ Дәулен қара үзді. ІІ орын Сардар Абдуллаға бұйырды. ІІІ орын Дарын Дәулен мен Виктория Аленинаға тиесілі болды.

Арнайы жүлде – Жайнагүл Мұратбек пен Айсері Молдағалида.


«Өлемді түгел білсе де...» номинациясында Екатерина Шержанова үздік атанды. ІІ орынға Бутинова Влада лайық болды. ІІІ орын Зіеда Абдиқаримовада. Арнайы жүлде Константин Разливановтың еншісінде.

Суретті түсірген автор

• ЖӘДІГЕР

Көне касканың тарихы

Нұра аудандық тарихи-өлкетану музейінің төрінде сақтаулы тұрған ерекше жәдігердің бірі – ІІ дүниежүзілік соғыс жылдарынан қалған жауынгерлік темір каска. Қаншама уақыттың сынына төтеп берген, бетін тот басып, қоңыр реңге айналған бұл бас киім – адамзат тарихындағы ең сұрапыл қанды қасаптың үнсіз куәсі.



Ермек БАЛТАШҰҒЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезінде жауынгердің басын оқ пен снаряд жарықшағынан қорғаған қарапайым темір бүгінде ұлт тарихын еске салатын қымбат мұраға айналды. Оның бойындағы әрбір сызаты мен дағы – майдан шебінде өткен ауыр күндердің, от пен оқтың арасындағы тағдырлардың ізі.

Құнды жәдігерді музейге Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, «Мемориалдық аймақ» іздеу жасағының командирі Майдан Көмекұлы Құсайынов арнайы табыс еткен көрінеді. Оның айтуынша, каска Харьков маңындағы қазба жұмыстары кезінде табылған

неміс әскери бас киімі.

Каска қалың болаттан жасалған. Пішіні – дөңгелек төбелі. Уақыттың салдары мен табиғат құбылыстары әсерінен тозғанымен, бұйымның тарихи құндылығы айрықша. Жиіктері аздап жеміріліп, бетіне соккының терең іздері қалған.

– Музейдің көрнекі бұйымдарының бірі ретінде бұл жауынгерлік бас киім – соғыс зардабының халық жадында мәңгі сақталатын ескерткішінің бірі және нақты айғағы. Осындай жәдігерлер бүгінгі ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін ұқтырады, тарихқа тағзым етуге жетелейді, – дейді музейдің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова.

Сурет автордан

Асыл сөзді іздесең...



«Оқуғтап» кітап дүкенінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған әдеби байқау өтті. «Ұлағат» оқырман клубының ұйытқы болуымен өткен сайысқа өңірдің әр өңірінен келген жас оқырмандар, студенттер мен өнерпаздар қатысты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпшілікті Абай мұрасын терең тануға, ақын шығармашылығын насихаттауға бағытталған дода үш бағыттан тұрды.

Алғашқы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» бөлімінде қатысушылар Абай өлеңдерін жатқа оқып, көркем-сөз шеберлігін танытты. Бұл кезеңде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің І курс студенті Абылай Дүйсен үздік шығып, бас жүлдені иеленді.

Екінші «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» бөлімінде жас ақындар өз қаламынан туған Абайға арналған өлеңдерін оқыды. Қазылар алқасы қатысушыларға арнайы тақырып ұсынып, байқау үстінде де жедел өлең жазу шеберлігін бағалады. Бұл бөлімде жас ақын Ералы Ғани топ жарды.

Үшінші «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» кезеңінде қатысушылар Абай, Шәкәрім, Ақылбайдың әндері мен күйлерін орындады. Бұл бағытта жас өнерпаз Қазыбек Рашид өнерімен ерекшеленіп, қара үзді.

– Абайдың мол мұрасын қоғамда кенінен насихаттау – баршамыздың ортақ борышымыз. Аңдап қарасақ, мұндай байқауларға көбіне тек мектеп оқушылары мен студенттер ғана қатысады. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» дегендей, бұл байқауда жасы бар жасамысы бар, түрлі жас санатындағы қатысушылар бақ сынады, – деді сайысты ұйымдастырушы, «Qasymkitar» баспасының редакторы Гүлдана Қуатқызы.

Сайыс соңында барлық жеңімпаздар мен қатысушыларға «Qasymkitar» баспасының Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтары табыс етілді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФУТЗАЛ

Қарымта ойыннан қайыр болмады

Қарағандылық «Тұлпар» шағын футбол командасы өткен аптада сырт алаңда алматылық «Қайратқа» қарсы кездесу өткізіп, жеңіліп қалды. Жерлестер бірінші кездесуде 0:3 есебімен, қарымта ойында 0:5 есебімен есе жіберді.

Қос команда 2013 жылдан бері қарай есептегенде бес мәрте ғана кездесіпті. Оның тек біреуінде ғана қарағандылықтар жеңіске жеткен. Қалған төрт ойын да алматылықтардың пайдасына шешілген. Десе де, қарағандылықтар қос кездесуде де лайықты өнер көрсетті.

Бірінші кездесу жерлестер үшін қиынға түскенді. Себебі, қарсыластардың қарқыны тым қатты еді. Допқа иелік етіп, қос қапталдан соққы жасаумен болды. Нәтижесінде, бір гол салып үлгерді. Екінші айналымда қатарынан екі гол салып, жеңіске жеткен болатын.

Ал, қарымта кездесуде «жерлестер ұпай жоғалтпайды» деп күткен едік. Бірінші айналымда барлық соққыға төтеп беріп, айналымның соңына дейін есепті тең ұстаған-тын. Өкінішке қарай, алаң иелері екінші айналымда бес гол салып, жеңісті жұлып алды.

Қос кездесу қорытындысы бойынша «Тұл-



пар» шағын футбол клубының бас бапкері Әміржан Мұқанов командаға шапшаңдықтың жетіспегендігін айтты.

– Біз қос кездесуде мүлдем гол сала алмадық. Дегенмен, мүмкіндік болды. Қарымта кездесудің бірінші бөлігі 0:0 есебімен аяқталды. Біз тең ұстап тұрдық. Бірақ, екінші айналымда бес голды қатарынан өткіздік. Жігіттер шамалы босансып қалды. Қарсыластар керемет өнер көрсетті. Жігіттерге қарсыластардан қорғаныста қалай ойнайтынын, шапшаңдығын үйрену қажеттігін айттым. Бұл ойынды қарсы-

ластардың шапшаңдығы шешті. Біз жауап қайтара алмадық. Мықты мықтылығын көрсетті, – деді ол.

Осылайша жерлестер сырт алаңда алматылықтарға есе жіберіп, турнир кестесінде 19 ұпаймен V сатыға сырғыды. Қош басында – «Семей» клубы. Одан кейінгі сатыға алматылық «Қайрат» көтерілді. Ал, үздік үштікті «Атырау» клубы түйіндеді.

Өз тілшімізден

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Өнерлінің өрісі кең

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі саналатын «Музыкалық білім беру» бөліміне қарасты «ARQA AUENI» хоры өнер бәйгесінде оза шапты. Олар Өзбекстанның Ташкент қаласында 2025 жылдың 31 қазаны мен 3 қарашасы аралығында өткен «OPEN ASIA 2025» халықаралық байқауында І орынға ие болды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл байқауды Испанияның Fiestalonia Milenio фестивалдік комитеті ұйымдастырған. Хор ұжымы халықаралық деңгейде Қазақстанның өнері мен мәдени мұрасын төрге оздырып, ел абыройын асқақтатты.

Сонымен қатар, жеңімпаз ұжымға

2026 жылдың 23-28 қазаны аралығында Испанияның Льорет-де-Мар қаласында өтетін Super Grand Prix халықаралық байқауына 20% жеңілдікпен қатысу құқығы берілді.

Сурет ұйымдастырушылардан



 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.		 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 495 №124 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН			